

Д. Қ. Төлегенова, 3-курс

Д. Б. Киакпаев, арнайы құқықтану пәндер (циклдік) комиссиясы оқытушысы

(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжі)

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Тұтынушы — қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тауарды сатып алуға немесе оған тапсырыс беруге ииеттегенін, я болмаса тапсырыс беретін, сатып алғатын немесе пайдаланатын жеке тұлға.

Азаматтық айналымда сатушының емес сатып алушының немесе тұтынушының құқықтары көбіне-көп бұзылады, ал бұл салдар туралы тұтынушылар аса ангара қоймайды. Бұны күнделікті кездесетін мысалдан да көруге болады «Тауар қайтаруға немесе ауыстыруға жатпайды» деген хабарламаларды кез келген сауда нұктелерінде кездестіреміз. Алайда бұл хабарламалардың қашшалықты заңды күші бар екенин аңқау тұтынушы біле бермейді екен.

Демократиялық қоғамды дамытудың басты міндеттерінің бірі тауар мен қызмет нарығындағы кәсіпкер мен тұтынушының арасындағы тепе-тендікті сақтау болып табылады. Қазір бізге кәсіпкерлермен қатар тұтынушы құқығын қорғауды естен шығармау қажет. Тұтынушы кез-келген тауардың сапасына әділ баға беріп отыратын сарапшы деп түсінуге де болады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын нормалар құқықтың әртүрлі салаларын қамтиды. Бұл нормативтік құқықтық актілер Конституциядан бастау алады. Өйткені, Конституцияның өзінде, біздің еліміздің ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады деп көрсетілген. Сонымен бірге Конституцияда әркімнің тынығу, денсаулығын, тұрғын үйін заңсыз қол сұғушылықтан қорғау, білім алу және өзге де құқықтары бекітілген. Бұл құқықтарға кепілдік беріледі, өйткені қолданыстағы заңнамада тұтынушының өмірінің қауіпсіздігін, қоршаған органды қорғауды қамтамасыз ететін тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қойылатын талаптар жүйесі, мемлекетік білім беру және денсаулық сақтау жүйесі, сонымен бірге тауарларды, жұмыс пен қызметтерді бакылау және қадағалау бекітілген. Ал тұтынушылардың құқықтарының бұзылуынан әкімшілік және қылмыстық құқықтық нормалар қорғайды.

Тұтынушыға қатысты қатынастарды реттеуде азаматтық заң шығармашылығы, атап айтқанда Азаматтық кодекс нормалары басты роль атқарады. Азаматтық кодекстің жалпы бөлімінде азаматтардың және ұйымдардың азаматтық айналымға қатысуының құқықтық негіздері, азаматтық-құқықтық шарттарды жасаудың негізгі талаптары анықталады.

Негізінен, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманың құрамына Азаматтық кодекстең басқа әртүрлі дәрежедегі нормативтік құқықтық актілер енеді. Оларға 1991-жылғы 5-маусымда қабылданған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Зан, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс, ері өзге де заң актілері мен заңға тәуелді актілер жатады.

Алайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық нормативтік базаның көлемі ауқымды болғанымен, олар елі толығымен қалыптасып біткен жок, ері қоғамдық қатынастар бір жерде тоқтаған тұрмай өмір талабына сай үнемі дамыпп және өзгеріп отыратындықтан, нормативтік базаны да үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Осыған сәйкес құқықтық мемлекеттің және әркениетті қоғамның азаматтарының қалыпты өмір сүруіне заңдылық негіз болады. Ал заңдылық азаматтардың заң алдындағы нақты тенденгін қамтамасыз етуге қабілетті қоғам жағдайындаған орын алуы мүмкін. Мұндай жағдай барлық азаматтарға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиімді жағдай жасау, нарықтық экономикалық қатынастардағы материалдық игіліктерді өндіру саласында тенденкті қамтамасыз ету арқылы қалыптасады. Әрі бұл құқықтық мемлекеттің басты міндеті.

Ал азаматтардың қажеттіліктерінің ауқымды бөлігі тауар алу арқылы, яғни сауда саласында қанағаттандыралады. Біз күнделікті өмірде азық-түлік, киім, тұрмыстық заттар және өзге де тауарлар сатып ала отырып, бұл қатынастардың құқықтық жағына көніл аудармаймыз. Әкіншік орай, өз әрекетімізді «тұтынушының» әрекеті ретінде және сатушының әреке-

тін заң тұрғысынан бағалау қажеттігі, біздің қандай да бір құқығымыз бұзылған кезден бастап қана пайда болады. Бірақ өз құқығымызды біле тұрсақ та, оны осындай тұрақсыз экономикалық жағдайда киынга түседі.

Жалпы алғанда тұтынушылар мен сатып алушылардың құқықтарын қорғау институты біздің елімізде әлі де болса толығымен зерттелмеген және осы мәселе бүтінгі күннің курделі мәселелерінің қатарына жатады.

Әлі еліміз құқықтық мемлекет құру жолына түскен және жеке тұлғаның құқығын қорғау мемлекет муддесін қорғаудан жоғары бола бастаған қазіргі жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғай өзекті де қызықты.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау институтының мәнін ашу, оның қазіргі жағдайына талдау жасау бұл мәселеге қатысты нормативтік құқықтық актілермен танысуға, практикада тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша тәжірибелік маңызы бар қорытындылар мен ұсыныстар дайындауға тырысамыз.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында көптеген он қадамдар жасалғандығына қарамастан, бұл мәселенің әлі де болса да толық шешімі табылмай отыр. Бұл мәселелерді шешу бүтінгі күннің міндеті. Ал менің бұл мәселеге қатысты төменгідей ұсыныстарым бар:

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында басты рөл атқаратын «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына қазіргі өмір талағына сай және тұтынушылар шағымдарын ескере отырып өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек.

2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша мемлекеттік дәреже де, халықаралық дәрежеде де акпарат жүйесін қалыптастыру керек. Өйткені біздің тұтынушыларымыз құқықтық жағынан әлі сауатсыз.